

## Хаттама

04.01.2018ж. Жаңаөзен қаласы Рахат ауылы №15 орта мектепте жиналыс болып өтті. Жиналысқа қатысушылар:

1. Мектеп директоры - С. Сарсенгалиев
2. Мектеп директорының оқу ісі меңгерушісі - Н. Акмырзаева
3. Кәсіподақ ұйымының төрағасы - С.Абдыров
4. Әлеуметтік педагог - Р.Сактапова
5. Ата-аналар комитетінің төрайымы - Ж.Джолжанова

### Күн тәртібі

1. Әлеуетті өнім беруші ЖК "Карамурзаев Тойлибай Куватович" 2017 қаржы жылында келісім шарт талаптарын орындау барысында жіберген бұзушылықтарының бар жоғын анықтау.
2. Аз қамтылған отбасы балалары мен 1 сынып оқушыларын тамақпен қамту бойынша ЖК "Карамурзаев Тойлибай Куватович" пен келісім шартқа отыру жөніндегі мәселені қарау.

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша С. Сарсенгалиевтың сөзі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 31.12.2015жылғы №717 бұйрығының орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларының 64 тармағында «Шарт тиісті қаржы жылына міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген қаражат шегінде жасалады және шартты орындау кезінде қаржы жылы шегінде өнім берушілер тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін, бірақ кемінде екі рет ұзартылады делінген». Сөйлеген: директордың оқу ісі меңгерушісі Акмырзаева Н. ЖК "Карамурзаев Тойлибай Куватович" 2017 қаржы жылында келісім шартта көрсетілген міндеттемелерді орындау кезінде бұзушылықтардың болмағанын айтып өтті. Келісім шартты 2018 жылға 08 қаңтардан 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін ұзарту дұрыс деп есептеймін деді. Сөйлеген: ата-ана Джолжанова Ж. ЖК "Карамурзаев Тойлибай Куватович" көп жылдан бері мектептің балаларын тамақтандырып келе жатыр, балаларға берген тамағына қанағаттанамыз, егер заңға қайшы келмесе келісім шартты созу керек деді. Сөйлеген: әлеуметтік педагог Сактапова Р. ЖК "Карамурзаев Тойлибай Куватович" 2017 жылы балаларды тамақтандыру кезінде бұзушылықтарға жол берген жоқ. Ас мәзіріне сәйкес балаларды тамақтандырып келді. Білім алушылардың

тамақтандырудың қағидасына сәйкес 2018 жылға келісім шартқа отыру керек деді. Жиналыста әлеуметті өнім беруші ЖК "Карамурзаев Тойлибай Куватович" тарапынан 2017ж қаржы жылында келісім шартта көрсетілген міндеттемелерді орындау кезінде бұзушылықтардың болмағанын атады. Жиналысқа қатысушылар күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе төмендегідей қаулы етеді.


1. ЖК "Карамурзаев Тойлибай Куватович"-1сынып оқушыларын ыстық тамақпен тамақтандыру бойынша 06.01.2017 жылғы №04 келісім шарт және аз қамтылған отбасы балаларын тамақтандыру бойынша 06.01.2017 жылғы №05 келісім шартта көрсетілген міндеттерді орындау кезінде бұзушылықтың болмауына байланысты 2018 жылдың 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін келісім шартқа отыру үшін хабарлама жасалсын.
2. Хабарлама негізінде әлеуетті өнім беруші өз ұсынысын білдіріп жатса келісім шартпен таныстырылып екі жақты қол қойылып рәсім жасалсын.

Қол қоюшылар:

1. Мектеп директоры:  С. Сарсенгалиев

2. Мектеп директорының

оқу ісі меңгерушісі:  Н. Акмырзаева

3. Кәсіподақ ұйымының төрағасы:  С. Абдыров

4. Әлеуметтік педагог:  Р. Сактапова

5. Ата-аналар комитетінің төрайымы:  Ж. Джалжанова